

**Кен-металлургия комбинаты Балқаштың бағы ма әлде?...:  
«Интернет» материалдарынан дайындалды // Орталық  
Қазақстан. – 2004. – 10 сәуір (№69-70). – (Мезгіл мәселесі).**

Балқаш қаласында 1938 жылы кен-металлургия комбинаты іске қосылды.

Қазіргі кезде ол жыл сайын 130-150 мың тонна тазартылған мыс өндіреді. Онымен қоса, құрамында алтын, күміс және платиноид (платина мен палладий) бар анодтық кен жынысын (шлам) шығарады.

1997 жылы Балқаш кен-металлургия комбинаты бас офисі Жезқазған қаласында болатын «Қазақмыс» корпорациясының құрамына кірді. «Қазақмыс» корпорациясы жыл санын 350-400 мың тонна тазартылған мыс өндіреді.

1997 жылдың 1 сәуірінде Балқаш комбинатының базасында Қымбат бағалы металдар заводы салынды. Оның құрамында тазарту (аффинажный), кен жынысы, жөндеу заводы бар.

1997 жылдың 30 тамызында шведтік «Boliden» фирмасының технологиялық базасында тазарту (аффинаж) өндірісі іске қосылды. Үш күннен соң алғашқы күміс, ал екі айдан соң алғашқы алтын алынды.

1999 жылы платина мен палладийдің алғашқы үлгі партиялары өндіріле бастады. 2000 жылы тағы да басқа өндірістік кәсіпорындар іске қосылды. Соның ішінде химия-металлургия комбинатын атауға болады. Оның құрамында қымбат бағалы металдар заводы және салынып жатқан Балқаш мырыш заводы бар. Балқаш КМК өндірген алтын мен күміс әлемдік стандартқа сай (99,99%). Қазіргі кезде завод жыл сайын 3-4 тонна алтын, 400-450 тонна күміс өндіреді.

Завод қазақстандық шикізатпен жұмыс істеп, мынадай өнімдер алады:

\* құрамында алтын (0,5%-ке дейін), күміс (15-20%), сол сияқты платина мен палладий бар Балқаш КМК мыс-электрлит шламы;

\* құрамында күміс 30% және шамалы алтын бар Жезқазған комбинатының мыс электрлиттік шламы;

\* қазақстандық кен-руда кәсіпорындарында флюс ретінде қолданылатын құрамында алтын бар тасымал рудалар мен концентраттар;

\* шихта, катодтық алтын, Доре металы, мырыш қалдықтары және басқалары сияқты пайдалануға жоғары дәрежеде дайын Қазақстан кәсіпорындарынан шыққан әртүрлі өнеркәсіптік өнімдер.

1999 жылы заводта әшекей және әсемдік бұйымдарын өндіру жөніндегі экспериментальдық учаске іске қосылды. Қазіргі кезде Италиямен және Оңтүстік Кореямен бірлесе отырып келешекте ішкі рынок пен одан соң сыртқы рынокта қолдану үшін сериялы әшекей бұйымдар өндірісін іске қосу көзделуде. Қаланың және Балқаш кен-металлургия комбинатының мәнінің жоғарылығы туралы Н.Ә.Назарбаев қалаға келген сайын айтып өтуі дәстүрге айналды. Былтырға дейін ол соңғы рет 1996 жылдың күзінде келді. Бұл комбинаттың өмірінде, сонымен қоса бүкіл қала үшін шешуші уақыт болған қиын жыл еді. Бір кездегі түсті металлургияның алыбы аяғынан зорға тұрған,

өз қуатының үштен бірі ғана жұмыс істеді. Мамандар кете бастады, ол кәсіпорынның барлық салаларында көрініп тұрды. Құрылыс тресі өзін-өзі жойды, тіпті тамақ өндіретін кәсіпорындар да банкрот болуға жақындады. Әсіресе әлеуметтік сала көп жапа шекті, клубтар, балалар бақшасы, кітапханалар жабыла бастады. Жалақы төлеуге орасан зор қарыздар болып қалды. Жұмыссыздық пайда болып, балалардың қаңғыбастығы ершіді... Негізгі бұл мәселе сол кезде барлық шағын қалаларды қамтыған еді, оның зардабы әлі күнге дейін басылған жоқ. Оның ішінде Балқаш та бар. Бірақ кейінгі үш-төрт жыл ішінде бойды тіктеуге мүмкіндік туды. Оның ішінде басты бағыт экономика, өнеркәсіптік өндіріс, өмірлік қажетті және әлеуметтік салалар болды. Мұндай оң өзгерістерге қалалалық әкімдіктің алқа мәжілісінде және БКМК кәсіподақ-шаруашылық активінде қорытынды жиналыста айтылған цифрлар мен фактілер дәлел бола алады. Балқаш және комбинат үшін ең бірінші кезекте 1997 жыл есте қалды. Ақпан айында кәсіпорын Кореяның «Самсунг» фирмасы басқаруындағы «Қазақмыс» корпорациясының құрамына кірді. Өндірісті, оның ішінде мыс балқытуды қайтадан қалпына келтіру үшін миллиондаған доллар инвестиция тартылды. Соның нәтижесінде жыл аяғына қарай комбинат 149 млн. доллардың товарлық өнімін берді. Ал 1998 жылы барлық өнеркәсіп кешенінің жұмысын тұрақтандыруға қадам жасалды. 1999 жыл болса, өзгерістер енгізу жылына айналды. Оның ішінде қысқа мерзімде сұйық ваннада балқыту жөніндегі пешті реконструкциялап, іс жүзінде қатарға қосты. Өткен жылы тазаланбаған мыс шығару 140 мың тоннаға жетіп, ол кейінгі он жыл ішінде рекордтық көрсеткіш деп атауға болатын дәрежеге ие болды. Қазіргі кезде комбинатта алдағы үш жылға, оның ішінде өзінің руда базасын дамытуға арналған қысқа мерзімдік бағдарлама жасалған. Сол сияқты сұйық ваннада балқыту конструкциясы үшін жетілдіру, конвертерді қайта өзгерту, жаңа технологияларды игеру жөнінде жоспарлар бар. Алдағы уақытта 150 мың тонна катодтық мыс өндіруге қол жеткізуге металлургтер өздерінің алдында нақты міндеттер қойды. Завод бағалы металдар өнімін шығару қарқынын арттырып келеді. Өткен екі жылдан астам уақыт ішінде 4,8 тонна алтын және 890 тонна күміс өндірген. Сөйтіп, қазіргі кезде Балқаш күміс өндіру жөнінен әлемде бесінші орында! Жоспарда платина, палладий өндіру мәселесі тұр. Экспериментальды учаске жұмыс істейді. Онда стоматологияға ыдыс-аяқ, әшекей бұйымдар өндіру қолға алынбақ.

Комбинат көптеген әлеуметтік объектілерді, қалалық жылу және су-канал, қалалық электр желісі сияқты коммуналдық кәсіпорындарды өз қамқорлығына алып, қол ұшын беруде.

Уақытша тоқтап қалған байырғы рудник қатарға қосылды

Балқаштағы байырғы рудник Қоңыратта кен өндіру 1998 жылы мыстың бағасы әлемдік рынокта әр тоннасы 1400 долларға құлдырап кеткен кезде уақытша тоқтап қалған болатын. Қазір рынок конъюктурасының өзгеруіне және мыс бағасының өсуіне (қазір әр тоннасы 1700 долларға жуық) байланысты, кен жұмысын жүргізудің жоспарына сәйкес Қоңырат карьерінен руда өндіре басталмақ. Бұдан шамамен 2,3 млн. тонна көлемінде руда

алынады. Оны қатарға қосу үшін «Қазақмыс» корпорациясы 1,5 млн., байыту фабрикасына 1 млн. доллар бөліп отыр. Алғашқы руда фабрикаға мамыр айында түсе бастайды. Болашақта бұл фабрика жыл сайын 9-10 млн. тонна руда өндіремек. Бұл 1991 жылғы көлемге жету деген сөз. Бірінші жылы Қоңырат руднигінен құрамында мысы бар 2 млн. тонна кен жынысын арттыру көзделген. Егер келесі жылы фабриканың өткізу қуаты мүмкіндік берсе, кен өндіру одан да молая түспек.

Рудниктің іске қосылуымен қатар БКМК-нің техникалық басшылығы кейбір әлеуметтік мәселелерді шешуіне тура келеді. Тағы бір мәселе - поселкені электр қуатымен, сумен, жылумен қамтамасыз ету. Қоңыратта 4 мыңнан астам адам тұратын болса, оның 1 мыңға жуығы зейнеткерлер. Корпорация поселкені жылумен, сумен қамтамасыз етуді ретке келтіру жөнінде қолдан келгенше көмек көрсетпек.

БКМК-нің экологияға әсері туралы «Қазақмыс» корпорациясы директорлар кеңесінің төрағасы **Владимир КИМ** былай дейді:

- Біз 1997 жылы БКМК-ні сатып алған кезде экологиялық мәселелердің нағыз ауқымын көз алдымызға келтіре алмадық. Оған талдау жасап жатуға да уақыт болмады. Комбинат тоқтаудың аз-ақ алдында еді, сондықтан да өшіп бара жатқан өндірісті көтеру керек болды. Қазір БКМК тұрақты жұмыс істеп келеді. Маған алғашқы күндері келген сұрақ әлі күнге дейін мазалап жүр. Балқаш өмір сүріп, барынша ұзақ жұмыс істеуі үшін не істеу керек? Оған жауапты бүгінгі күннің шындығынан табуға болады. Аймақта саяси тұрақтылық болып тұрғаны қандай жақсы. Комбинатта жақсы дәстүрлері бар жоғары білікті ұжымдар еңбек ететіні қандай тамаша. Сондықтан да біздің жолымыз дұрыс екендігіне экологиялық мәселелерді дұрыс шешетіндігімізге сенімдімін. Иә, өткен уақыт ішінде біздің ауаға тараған газды азайта алмағанымыз рас, өйткені біз бұрынғы технологиямен жұмыс істедік. Соған орай корпорация басшылығы революциялық қайта жарақтандыруға барды. Қалаға қомақты бюджеттік қаржы түсіру үшін өндірістік өнімді күрт молайту туралы мәселе қойғанымыз рас. Ал күкіртті газды бейтараптандыру үшін бірегей қондырғы салып жатырмыз. Объект белгіленген мерзімде іске қосылады. Бұл жерде бір мәселені түсініп алу керек. Балқаш қазір 144-150 тонна катодтық мыс өндіретін болса, оның ішінде тек 36 тоннасы ғана өзіміздің рудадан алынады. Өкінішке қарай, қаланың күн санап өсіп келе жатқан тұтынымын бір ғана БКМК-нің қанағаттандыруға шамасы жетпейді. Корпорацияның басқа да буындары қазір Балқашқа жұмыс істеп жатыр. Сондықтан да қаланың барлық қажеті өтелуде. Айтылып жүрген мәселелерді шешеміз. Суаруға қажет суды тегін береміз, метеоқызметті жаңғыртамыз, медиктерге қалай көмектесу жайын ойластырамыз. Ең соңында және ең бастысы – Балқаш міндетті түрде ең экологиялық таза қалаға айналады. Мен оған шын жүректен сенемін.

#### **РЕДАКЦИЯДАН:**

*Иә, бұл сөзге сенуге болады. Бірақ Балқаш қаласының да, Балқаш көлінің де қазіргі жағдайы онша мәз емес. Ал тазарту қондырғысы пайдалануға уақытымен берілмей отыр...*